

FTAMP 17.71.01

С.М. Шормақова¹ (orcid - 0000-0002-0459-5430) – негізгі автор,
М. Ахаева² (orcid - 0000-0003-0499-9758)

¹Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.м.а.

²Филология ғылымдарының магистрі.

^{1,2}М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: ¹shormakova71@mail.ru, ²maral85.85@mail.ru

ҚАЗАҚ ЕЛІ КӨНЕ ЕСЕПТЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада, бүгінге дейін есеп тек математика ғылымының зерттеу объектісі болып келсе, байырғы көне есептер жеке-дара есеп емес, ауызша тараған ауыз әдебиетінің жанрларымен араласып келетін ерекше есеп екендігі, мұндай есептердің негізінен ауыз әдебиетінде ауызша қалыптасқан тағы бір жанрдың пайда болғандығы сөз болады. Міне, байырғы көне есептер өзінің табиғатын сақтап, ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде қалыптасты. Мұнда, Қазақ елінің байырғы көне есептерін жинау, зерттеу барысында оның тарихи дамуы мен қамтыған тақырыптары халықтың қазақи өмірімен тығыз байланыста болғанын талдайды.

Есептегі халық өмірінің бейнелеуі, оның белгілі бір шынайы оқиғаға байланысты құрастырылуындағы даралығы, есептің шығуына өмірдегі бар құбылыс әсер ететіндігі және қазақ шаруашылығына қатысты қажеттіліктен туып, сол есептің шешімін есептеп шығаруды немесе соларды болжауды мақсат ететіндігі айтылған.

Тірек сөздер: қазақ елінің көне есептері, есеп жұмбақтар, аңызға құрылған есептер, рухани мұра, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа байланысты құрастырылған есептер.

Кіріспе. Осы Қазақ елінің көне есептерін тақырыпқа топтастырып құрастырудағы өзіндік ерекшеліктерін тиянақты зерттеп, әдеби талдау жасау арқылы қазақ елінің қасиетті рухани құндылығын одан әрі тереңдетумен шектелмей, әлемдік фольклортану ғылымына арнайы жанр ретінде халықтың көне есептерін енгізу мүмкіндігі бар.

Егер, «есептеу ғылымы қалыптаспай тұрып есеп үлгілері болуы мүмкін емес» деген қағидаға сенер болсақ, ол шындыққа жанаспас еді. Қазақ қоғамында, сонау ерте заманнан-ақ, адамдар ойлаудағы шеберлігімен ерекшеленіп, есеп құрастырудағы қабілетінің мықтылығын ауызша, табан астында есеп ойлап табу барысында сол заманда дамыған, логикасы мықты орта қалыптасқандығын және оның дәстүрлі түрде дамып отырғандығын осы Қазақ елінің көне есептерінен байқаймыз. Қазақ елінің көне есептері осындай дәстүрлі орта болмаған жағдайда сан алуан тақырыптарды қамтитын көне есептеросыншалық өміршең болмас еді. Ауызша таралып, қазақ халқының ділді сүзгісінен өткен Ұлы дала есептері есте сақтау мен импровизациялық қабілеті кемелдене дамыған еліміздің дәстүрлі ортасы болғандығына бірден - бір дәлел. Рухани ортада дамыған, рухани дәстүрді қалыптастырған қазақи даланың көне есептері қазіргі Жаңа Қазақстанның рухани мұрасына айналып отыр.

Есептің қажеттілігі мен пайдасын білген Қазақ елі есепті құрастыруды және есепті шешуді күнделікті өмірдің мәні ретінде түсінген. Мұндағы мақсат мынада:

1) шапшаң есептеуге, алғырлыққа баулу, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға қалыптастыру, қажеттілік пен қажетсіздікті ажыратуға үйрету.

2) Қоғамдағы жағдайларға қатысты сан алуан тақырыпта құрастырылған көне есептердің құрылысының, мазмұнының мәнін ашып, сол қоғамдағы табиғи өзгерістерге заман талабымен бейімделу.

Қазақ елінің күнделікті күнкөрісіне, тұрмыс - салтына байланысты оқиғаларды қамтитын Қазақтың көне есептері ерте заманнан келе жатқан құрастыру тәсілдері бойынша сан алуан тақырыпқа қатысты құрастырылған. Қазақи көне есептерден халыққа тән салты мен дәстүрін, тұрмысы мен тіршілігін, мінез-құлқын, батырлықболмысы мен ақындығын және шешендігін, татулығын, кемелдігін, Қазаққоғамына тән заң мен тарихи тұлғалардың тұлғасын көресің. Қазақ елінің көне есептерін ауызша құрастыру барысында тақырып аясының ауқымды екендігін байқаймыз.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Сонымен байқағанымыз: Қазақ елінің байырғы көне есептері қоғамдық өмірден үйренуге бейімдеп, заманауи зерттеуді қажет ететін рухани құндылықтардың бірі, қазіргі таңдағы қазақ фольклортануына жаңадан қосылған халықтың ауызшашығарып, таратқан жанрларының бірі. Қазақ елінің байырғы көне есептерінің алғашқы үлгілері сонау ықылым заманнан бастап қазақ халқы көшпелі жағдайда, мал шаруашылығын кәсіп еткен сонау бірертеректе қалыптасып, халықтың рулық құрылысы мен жанұясы күрделене дамып, салты жетіліп, замандар бойы санасы кемелдену үзіліссіз дамып келген. Яғни, халқымыздың қоғамдық өмірдегі тұрмыс-тіршілігі, адамдардың әлеуметтік көзқарасы біз сөз етіп отырған есептердің туып қалыптасуына, сонымен қатар, қазақ ауыз әдебиетінің өзге де жанрларымен, атап айтсақ: аңыз, жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздермен тығыз байланыста дамуына әсер етіп, көне есептер жаңа мазмұнға ие болған. 1966 жылы «Қазақ халқының жұмбақтары» [1, 32б.] атты еңбегінде М.Әбжанов жұмбақтарды жіктей келіп, соның бірі ретінде «есеп жұмбақтар» деп ұсынады. Мұның өзі ауыз әдебиеті мен есепті бірлікте зерттеуге алғы шарт болып отыр. Жұмбақтар мен есептердің ортақ белгісін зерттеп, олардың ауыз әдебиетінің аясында сараланып, талдануы мүмкін екендігін дәлелдеп отыр. Қазақ елінің есептері аңызға құрылғандықтан біз есептерді қазақ фольклорының аясында зерттеуді яғни, есептердің шешімін жалаң шығармай аңыздың да мән-мағынасын ашып, олардың ұрпаққа берерін талдап, саралауды мақсат еттік. Сондықтан да бұл есептер өзінің даму жолында талай тарихи дәуірлерді басынан кешіргендігін, талай қоғамдық көзқарастардың елегінен өткендігін ескере отырып, талдап, саралап, сараптауымыз керек. Әрбір қоғамдық ой, әр қоғамда қалыптасқан халықтың көзқарастары көне есептердің идеялық бағытына, мазмұнына ықпал жасаған, қоғамына қарай адамдар есептерді өздерінің мүддесіне сәйкес құрастырып, оны тұрмыста пайдаланып отырған. Бұл есептер халықтың ішкі және тысқы тіршілігін ешбір боямасыз көрсететін, халықтың ақыл - ойының өсу процесінен хабар беретін рухани мұрасы болған. Біз енді өз тарапымыздан осы есептерді тақырыпқа топтастырып, жан-жақты талдап, осы ғылыми мақаламызда қысқаша мәлімет бере кетпекпіз.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ фольклорындағы бұрыннан қалыптасқан жанрлардан көне есептердің өзіндік айырмашылығы – есептің айтылуы мен шешілуінде, сонымен қатар, жалаң санның аясында қалып қоймауын да өзіндік ерекшелік деп қарастырсақ болады. Жалаң санға құрылмағандықтан да, яғни аңыздың негізінде айтылғандықтан халық жадында жақсы сақталған. Біз сөз еткелі отырған Отан қорғау мен патриотизм тақырыбының шешімі

өмірді жалпы дүниені тану қасиетіне ие болып тұрады. Мұнда есептер белгілі бір тарихи оқиғаларға немесе тарихи тұлғаларға қатысты құрастырылған немесе сол тұлғалардың атынан айтылады. Ойы қысқа тұжырымы мықты, келелі мәселелерді қамтитын, кең мағыналы, терең ойлы келеді. Тарихи оқиғаларды қамтитын есептер өміршең келеді, дәстүр жалғастығына бейім болады. Есептің өзі де әңгіме ретінде баяндалады. *«Ертеде жаугершілік заманда барлаушы-сарбаз Бөгенбай батыр әскерінен 50 шақырым жерде сағатына 5 шақырым жылдамдықпен асықпай келе жатқан жау әскерін мұқият барлап алады да, өз әскеріне жасырын шауып келіп, Бөгенбайға жау әскері туралы барлық ақпаратты жеткізіп, жау жаққа басқа атпен қайта шауып оралады да, тасалау жерге тұра қалып, қасынан өтіп бара жатқан жау әскерін тағы да мұқият барлап, әскер саны қанша, қарулары қандай, аттары тың ба, әскер жиыңқы әлде шұбыртпалы ма, тағы сол сияқты әскери сипаттарын аңғарып, тағы да тасалау жерлермен Бөгенбайға қайта оралады да, ақпаратты қолбасшыға жеткізе салысымен, ат ауыстырып қайтадан жауға жаққа қайта оралады...»*

Сонымен бұл сарбаз жау әскері Бөгенбай әскеріне жеткенге дейін ары шауып, бері шауып ақпаратты қолбасшыға жеткізіп отырады.

Барлық мәліметті толықтай алған Бөгенбай әскері шайқасқа сақадай сай дайындалып, жау тақалғанда өзінен екі есе көп жау әскеріне қыр асты тұтқиылдан күтпеген шабуыл жасап, ерекше жеңіске жетеді.

Егер сарбаз жылдамдығы сағатына 60 шақырым болса, онда ол бас аяғы қанша шақырым тоқтаусыз шауып өтті?

Осы есеп ел аузында Бөгенбай есебі, ал сарбаз - Барлас-барлаушы аталып кетіпті.»[2,96б.]

Ерлік жасап, ел назарында жүрген Бөгенбай батырдың болмысы қандай жанрға да қатық болары заңды. Батыр айналасындағы жолдастарымен халықтың көзіне түсіп, назарын аударады, сол жолдастарының дұрыс қадам жасауына Бөгенбай батырдың ықпалы есепке ұшқырлығы арқылы тисе, сол есеп халық аңызының желісіне айналады. Есептің тууына себеп болған Барлас батырдың ел тыныштығын ойлаған басты мақсаты, сол мақсатына жету үшін батыр есепке сүйеніп отыр. Есептің таралуы Отанын шын сүйген, жатса тұрса оны қорғауды ойлаған батырлардың ерлігін дәріптеуден шығып отыр. Ал оның мақсаты – Отанын сүйген, патриот, жанкештілікпен елін қорғаған батырларды ерекше тұлға ретінде ұрпаққа үлгі ету. Есептің негізгі мазмұны өмірде болған оқиға желісінен алынған, яғни, Бөгенбай батырдың көрегендігі мен Барлас батырдың алғырлығы бірігіп, бір мақсатқа бағытталуы. Есепте барлаушы Барластың арлы-берлы тыным таппай шапқылаған уақыты, жау әскерінің Бөгенбай батыр әскеріне жететін уақытқа тең болады. Барлас барлаушы 600 шақырым жолды шауып өтеді. Бұл деген ерлік десек, ал бұл есеп ерлік тақырыбына байланысты аңыздың желісінде ауызша құрастырылған.

Қазақ елінде туып, дәстүрлі жалғасын тауып отырған көне есептердің ішінде айрықша көзге түсетіні жастарды патриот болуға, Отан қорғауға дайын болға тәрбиелейтін есептер. Оның себебі, қашанда ел назарында жүрген батырлар өз биігіне, тұғырына тұрақты қызмет еткен. Оларда бір ғана мақсат – ел болашағына қызмет ету, батырларымыз өз биігіне лайық болғандықтан, жас ұрпақ батырлардың тірлігіне, ерлігіне қарап бой түзеген. Осыны негізге алсақ, халқымыздың батырларға арнап жыр жазуы, ертегі айтып, батырлардың ерліктеріне, тірліктеріне, жетістіктеріне арналған мақалдар мен есептер құрастырылуы заңды құбылыс. Қазақ елі есептерінің

бәрі белгілі бір жағдайға байланысты пайда болып, күнделікті өмірден алынғаны баршамызға мәлім. Келесі көне есептер қазақ қоғамындағы негізгі кәсіп – төрт түлік пен үй жануарларына қатысты. Қазақи көнеесептерді ауызша құрастырудың тәсілдерінің бірі – қажетті мәліметті халықтың тұрмыс тіршілігінен алып белгілі бір күтілмек жағдайға байланысты есептерді өзгерте қатыстырып, күнделікті өмірдегі қарапайым халықтың таным көкжиегін кеңейтіп, дамыта қалыптастыру. «*Базарда дөнен 4 сом, құнан 3 сом, ал екі құлын 1 сом тұрады екен. Сонда 100 сомға 100 бас мал сатып алу үшін, қанша дөнен мен құнан және құлын сатып алу керек?*»[2,136б.]

Бұл есеп жылқы малына қатысты құрастырылған. Қазақ қоғамында өзіндік орны бар төрт түліктің бірі – жылқы малы. Қазақ халқы асау жабайы жылқыны ең бірінші бағындырғандардың қатарында болғандықтан, шын мәнінде жылқыға етене жақын халықтардың бірі де бірегейі. Сондықтан болар қазақ азаматтарына жылқыға қатысты мәліметтерді білмеу қалуұят. Бұл есеп осындай сыннан сүрінбеу өту мақсатында құрастырылған болса керек. Бұл есептің мақсаты біріншіден, жылқы малының жасын тани білу. Оның себебі жылқының әр жасына қарай оның құны мен бағасы әртүрлі болады. Мұнда, жылқының жасын сауатты ажырата алған адам бұл есептің де шартын жақса түсінеді. Есептің табиғатына еніп, есептің шартын түсінген адам есептің шешуін де тура, дәл табуға бейім болады, Міне осы себепті де көне есептер ауыз әдебиетінің басқа жанрлары сияқты халық өмірінен алыс кетпейтінін, халық өміріне негізделген қажеттіліктен туып, құрастырылғанын байқаймыз.

Әрбір халық өзінің ұл-қызына тұрмыс-салтын, әдет-ғұрыпын үйрететіні заңдылық. Оны үйретудің ең тиімді жолы фольклордың ауызша тараған жанрлары. Яғни, фольклордың бір саласы ретінде қарастырылып отырған Қазақ елінің ауызша тараған байырғы көне есептері де халықтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпына қатысты құрастырылған. Қазақ елінің көне есептерінің негізімен, мазмұнымен танысып, есепті таратып отырған аңыздардың идеясын аша отырып, қазақ халқының қоғам танудағы өрісінің биіктігін, зеректігін байқайсың.

Тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа байланысты құрастырылған есептер қазіргі таңда дәстүрлік пен даралықтың арақатынасын, өткен мен бүгіннің арасындағы жанды байланысты, қаймағы бұзылмаған қазақи табиғатты сақтап, сал- дәстүрді жалғастыруда үлкен рөл атқарып отыр. Қазақ есептерінің ықлым заманнан пайда болып, қазірге дейінгі аралықтағы дамуы тұтас бір ауқымды құбылыс.

Қазақтың байырғы танымы бойынша амандасу, қал- жағдай сұрасу тәлім-тәрбиенің басы. Қазақи амандасудың түрлері көп. Ер адамдар бір-бірін күнде көрсе де қол алысып амандасса, әйелдер бас изесіп, келіндер иіліп сәлем береді. Ал, құдалар (көптен көрмесе) татулықтың белгісі ретінде төс қағыстырып, құда-құдағилар қол алысса, құдағилар құшақтасып амандасады. Қандай формамен амандасқанда да, амандық сұрау – жастың да, кәрінің де, ел баласының да, ел ағасының да – сана-сезімін, ақыл-ойын, эстетикалық пайымын қалыптастыратын нағыз қозғаушы күш. Сондықтан да, амандасулардың арнайы мектебі болмаған, ол отбасында берілетін тәрбиемен ауызша қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр. Біздің талдағалы отырған есебімізде жолдас жігіттердің қол алысып амандасуы туралы әңгіме болып отыр. « Он жолдас кездескенде үлкен тойда» –деп басталады есеп. Кездесу, бұл, амандасудың нағыз «ордасы». Яғни есептің амандасу туралы болуының өзі заңды. Адамның іс-әрекетінің

қайсысының да негізінде белгілі бір мақсат бар. Бұл есепті құрастырудағы мақсат– амандасу әрекеті арқылы ақыл-ойды қозғау. Есеп, халықтың танымында қалыптасқан (Ер адамдардың қол алысып амандасуы) амандасу дәстүрі арқылы ақыл-ойды қозғап, нақты шешім талап етеді. Қазақ елінің байырғы халқының тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдық санасында қалыптасып құрастырылған мұндай есептер – кейінгі ұрпақтың танымына азық болып, ақыл-ой байлығына қозғау салып, ойлау тереңдігін қалыптастырады. «Бір тойда 10 адам кездесіп қалып бір-бірімен 51 рет амандасыпты. Сонда осы 10 адамның қаншауы ер және әйел адам болғаны?

Жауабы: 4 әйел және 6 ер адам.»[2,306.].

Мұнда амандасушы мен амандық қабылдап алушының арасында өзара байланыс бар. Амандасушы амандасқанын білдіріп қол беруге, бас изеуге немесе құшақтасуға міндетті, амандық қабылдап алушы да солай жауап беруге міндетті. Амандасушылар осылай өздерінің этикасын көрсетеді. Есеп осы этиканың нақты сақталғанын қажет етеді. Адамдар дұрыс амандасқанда, есептің де шешімі дұрыс болады. Сөйтіп, ауызша қалыптасқан байырғы есептер: ой қозғап қана қоймайды, ойлантады, шартын ұсынып қана қоймайды, нақты жауабын талап етеді.

Қорытынды. Біқылым заманнан бастау алған көне есептер халықтың идеясын, арман-мүддесін, әлеуметтік көзқарасын білдіріп отырады. Олардың тақырыптары да осы мазмұнда өрбиді. Бұл есептерді қазіргі қоғамның саясатына қатысты заманауи танып білу, көне есептердегі халқымыздың психологиясын зерделеп танып білу жөнінде жүргізіліп жатқан зерттеулер заман талабы. Көне есептерден Жаңа Қазақстанға қазіргі таңда аса қажет және аса маңызды мәліметтерді алуға болады, байырғы көне есептерді тақырыбына қарай танып, шешіп, қоғамдағы қажеттілігіне қарай пайдаланып, одан үйренген жөн.

Есеп – тарихи оқиғалар ізімен құрастырылған фольклордың жаңа бір жанры, әр түрлі тақырыбына қарай танымы мықты тәрбиеге де берері бар мәдени құнды мұра.

Қазақ елінің байырғы көне есептері әр алуан тақырыпта құрастырылып, халықтың өмірімен етене бірлікте өмір сүріп келеді, халықпен бірге өседі, өркен жаяды, дамиды. Сөйтіп ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен бірлікте және жаңа жанр ретінде қалыптасып, халқымыздың мәңгілік құнды мұраларының бірі ретінде халық санасында сақталып, сан алуан тақырыпта ғылыми айналымда жасай береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбжанов, М. Қазақ халқының жұмбақтары [Мәтін] / М. Әбжанов. – Алматы: Мектеп, 1966. – 67б.
2. Байбеков, С. Ұлы даланың байырғы 100 көне есебі [Мәтін]: оқу құралы / С. Байбеков, Б.Тілеухан. – Алматы: 2019. –227б.
3. Ғабдуллин, М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті [Мәтін]: оқу құралы / М. Ғабдуллин. – Алматы: Рауан, 2013. – 455 б.
4. Қабдолов, З. Сөз өнері [Мәтін]: оқулық-монография / З. Қабдолов. – Алматы: Өлке, 2014. – 495 б.
5. Сейітжанұлы, З. Қазақ халық әдебиеті [Мәтін]: оқу құралы / З. Сейітжанұлы. – Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - 2-бас., толықт. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. – 168 б.

Мақала редакцияға 30.11.22 түсті.

С.М.Шормақова¹, М.С.Ахаева²^{1,2}Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан**ТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДРЕВНИХ ЗАДАЧ КАЗАХСКОГО НАРОДА**

Аннотация. В статье отмечается, что до настоящего времени задача являлась лишь объектом исследования математической науки, не отдельной отчетностью, а своеобразной отчетностью, смешанной с жанрами устной словесности, распространявшейся в устной форме, когда такие задачи появились в основном в устной литературе. Здесь древнейшие математические задачи сохранили свою природу и сформировались как один из жанров устной литературы. В статье собирая древнейшие задачи казахского народа, анализируется его историческое развитие и темы, освещаемые им в тесной связи с жизнью казахов.

Задача отражает жизнь народа, его индивидуальность в построении по отношению к тому или иному событию, то, что математическая задача находится под влиянием реально существующих явлений и направлен на расчет и даже прогнозирование их решения для нужд казахстанской экономики.

Ключевые слова: древние задачи казахского народа, задачи загадки, легендарные задачи, духовное наследие, задачи по быту, обычаям и обычаям.

S.M.Shormakova¹, M.S.Akhayeva²^{1,2}Taraz regional University named by M.H. Dulati, Taraz, Republic of Kazakhstan**THEMATIC FEATURES OF THE ANCIENT TASKS OF THE KAZAKH PEOPLE**

Abstract. The article notes that until now the problem has been only an object of research in mathematical science, not a separate reporting, but a kind of reporting mixed with genres of oral literature, distributed orally, when such problems appeared mainly in oral literature. Here, the oldest mathematical problems have preserved their nature and formed as one of the genres of oral literature. The article, collecting the oldest tasks of the Kazakh people, analyzes its historical development and the topics covered by it in close connection with the life of the Kazakhs. The task reflects the life of the people, their individuality in construction in relation to a particular event, the fact that the mathematical problem is influenced by real-life phenomena and is aimed at calculating and even predicting their solutions for the needs of the Kazakh economy.

Keywords: ancient tasks of the Kazakh people, riddle tasks, legendary tasks.

References

1. Abzhanov, M. Qazaq xalqınıń jumbaqtarı [Mysteries of the Kazakh people]. - Almaty: School, 1966. - 67p.
2. Baybekov, S. Ulı dalanıń bayırǵı 100 köne esebi [100 ancient indigenous accounts of the Great Steppe]. - Almaty: 2019. -227p.
3. Gabdullin, M. Qazaq xalqınıń awız ädebïeti [Oral literature of the Kazakh people]: educational tool. - Almaty: Rawan, 2013. - 455 p.
4. Kabdolov, Z. Söz öneri [Art of words]: textbook-monography. - Almaty: Ulke, 2014. - 495 p.
5. Seitjanuly, Z. Qazaq xalıq ädebïeti [Kazakh folk literature]: educational tool. - Al-Farabi. KazNU. - 2nd ed., supplement. - Almaty: Kazakh University, 2013. - 168 p.